

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ  
KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY NAMED AFTER AL-FARABI

*Мархабат Тоғанұлы  
Тоғановтың туғанына*

*80 жыл*



Қазақ тіл білімі ғылымының дамуына зор үлес қосқан  
көрнекті тілші-ғалым, филология ғылымдарының докторы,  
профессор **МАРХАБАТ ТОМАНҰЛЫ ТОМАНОВТЫҢ**  
туғанына 80 жыл талуына орай өткізілетін  
**«Филологияның қазіргі кезеңдегі басымдықтары: дәстүрі мен бөлашағы»**  
атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция

*Алматы, 20 ақпан 2012 жыл*

Международная научно-теоретическая конференция  
**«Современные тренды филологии: истоки и перспективы»**,  
посвященная 80-летию со дня рождения  
известного языковеда-тюрколога,  
доктора филологических наук, профессора  
**ТОМАНОВА МАРХАБАТА ТОМАНОВИЧА**

*Алматы, 20 февраля 2012 года*

International scientifically-theoretical conference  
**"Modern trends of philology: origins and prospects"**  
devoted to 80-year of birth  
of the famous linguist-specialist in Turkic philology  
**TOMANOV MARHABAT TOMANOVICH**

*Almaty, February 20, 2012*

**I ТОМ**

*Баспаға филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің  
Ғылыми кеңесі шешімімен ұсынылды*

**Редакциялық алқа**

ф.ғ.д., профессор *Қ. Әбдәзұлы*, ф.ғ.д., профессор *Б.Қ. Момынова*,  
ф.ғ.д., профессор *А.Б. Салқынбай*, ф.ғ.к., доцент *Л. Асқар*,  
ф.ғ.к., доцент *Х. Қарабаева*, *Л. Әлімтаева*

**Профессор Мархабат Томановтың 80 жылдығына арналған «Филологияның қазіргі кезеңдегі басымдықтары: дәстүрі мен болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары: - 2 томдық. I т. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 378 б  
ISBN 978-601-247-383-4**

Конференция материалдарының жинағына белгілі түрколог ғалым, ҚазҰУ-да ұзақ жылдар бойы кафедра меңгерушісі, ұстаз болған профессор М. Томановтың ғылыми жолына арналған мақалалар, қазақ тілінің тарихын, қазіргі қазақ тіл білімінің өзекті мәселелерін жаңа заман парадигмаларына сәйкес зерделген зерттеулер мен жас ғалымдардың ізденістері еніп отыр.

Жинақ филологтарға, филология факультетінің студенттері мен магистранттарына, тіл білімінің мәселелеріне қызығушы жалпы оқырман қауымға арналған.

Қазақ  
шыларының  
профессор  
Томанов  
Томанов  
«Абыла»  
бітірген с  
да қызы  
«Қазақ т  
Қазақ  
фактілері  
атты тақ  
Марх  
бағытын  
Атап айт  
сөздің м  
жүргізді.  
алғашқы  
Проф  
негізін б  
тарихын  
Проф  
етін, қа  
салған,

\*\*\*

В данной статье рассматриваются некоторые вопросы классификации сложноподчиненных предложений в казахском языкознании.

\*\*\*

Some questions of complex sentence classification in Kazakh linguistics are considered in this article.

## ТЕРМИН ЖАСАУДАҒЫ ҚОСЫМШАЛАРДЫҢ ПӘРМЕНДІЛІГІ

А.К. Шыныбекова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, ф.ғ.к.

Термин жасаушы өнімді көздердің бірі – түбірге қосымша жалғану арқылы жасалған терминдер. Мысалы, *ұшақ, жүгіртпе, әдістеме, кәсіпкер, желім, көрме, жарияланым, басылым* т.б. Мұндағы терминдер *-не, -ым, -теме, -гіш, -кер, -гер, -іл, -іш, -ім* жұрнақтарының көмегімен жасалған. Ендеше, термин сөздердің тағы бір ерекшелігі, тарих пен қоғам дамуымен тікелей байланыстылығында болады.

Сөзжасам морфемаларының қызметі әдеби тілден гөрі терминологияда жиі қолданылады. *-лық, -ғы, -ым, -ғыш, -шы* жұрнақтары арқылы жасалған ғылым мен техника, қоғам мен әлеумет дамуына байланысты туындаған терминдерден сөзжасамның нақты қызметін көруге болады. Ғылым тілінің терминологиялық жүйесі туралы айтқанда оның қалыптасқан үлгі модель арқылы дамитынын байқауға болады. Терминжасауда ең алдымен өз ана тіліміздің сөзжасамға берген мүмкіндігін қарастыруымыз керек. Ұлттық терминологияны байыта түсетін тәсілдерге кейде әдеби сөздер мен диалектілерді, жергілікті атауларды да терминжасамда пайдалануға болады деген көзқарастар да бар. Дегенмен, терминологияда терминжасамның өнімді, өнімсіз жұрнақтары мен амалдарын дайын үлгі ретінде ұсынудың бірізділігі жоқ.

*-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік* жұрнақтары арқылы *жақсылық, саулық, басшылық, көптік* сияқты сөздер жасалуымен қатар *қызметтік, азаматтық, марапаттық, тактикалық, спорттық, жауынгерлік, зымырандық* сияқты терминжасамда өзіндік сипаттағы сәтті жасалған терминдер пайда болатыны белгілі. *Құрғақшылық, артықшылық, апталық, одақтық, галамдық, айтыскер, іскер, кәсіпкер* сияқты жұрнақ арқылы атаулары өнімді жұрнақтар арқылы жасалып, кез келген сөзден басқа сөз жасау мүмкіндігінің мол екендігін көруге болады [1, 250 б.].

Сөзжасамның күрделі және көне тәсілдерінің бірінен саналатын семантикалық сөзжасам термин жасауға да белсенді араласады. Сөзжасам процесі мотивация, абстракция, ассоциация, аналогия заңдылықтары бойынша жасалады. Байырғы сөздердің мағыналық жақтан дамуы ішкі семантикалық құрылымының өзгерісі нәтижесінде жаңа номинативті сема айқындалады. Ғалым А.Б. Салқынбай сөз мағынасының жіктеле дами келе, ерекше дифференциялаушы семаларға ие болып, жеке денотаттық және сигнификаттық мағына алып бөлініп, туынды сөз ретінде танылу үдерісін сөзжасамның негізгі нысанына жатқызады. «Тілдің мағыналық дамуы әлемдік бейнені атау қажеттігінен туындайды. Егер мұндай қажеттілік болмаса, жаңадан сөз жасалмайды, төл туынды сөз жасалмаса тілдік даму да болмайды» деген ой айтады [2, 250 б.].

Мәністік (семантикалық) тәсіл арқылы жасалған терминдерге байырғыдан қолданыста жүрген сөздерді арнайы ұғымға таңба ретінде қолдану жатады. Мысалы: *шабуыл, қорытынды, аймақ, өкіл, кемсіту, нәсілшілдік, қақтығыс, шиеленіс, мәлімет, бейтараптандыру, қудалау, айып, айыппұл, шарт, бітімгершілік* т.б. сөздер бастапқы мағынасынан ерекше мағынаға ие болып, қоғамның сан саласына термин ретінде пайдаланылады. Ал сөзжасамдық (синтетикалық, аналитикалық) әдіс арқылы термин жасауда А. Байтұрсынов өз еңбектерінде 33 жұрнақты қолданған. *-лы, -лі, -шы, -ші, -сыз, -сіз, -ты, -ті, -лық, -лік, -ма, -ме, -у, -ым, -ім, -ман, -мен, -шылық, -шілік, -у+ыш, -у+іш, -паз, -қор, -шіл+дік, -шыл+дық, -тық, -тік, -дық, -дік, -ба, -бе, -па, -не, -с, -ыс, -іс* жұрнақтарының термин жасаудағы қарқыны мен пәрменділігін ғалымның еңбектерінен көруге болады. Мысалы: *дауысты, дауыссыз, туынды, үстеу, аңдату, әуезділік, әліптеме, байымдама, кекесіндеу, жалғау, жұрнақтық, бастауыш, баяндауыш, сарындама, терме, толғау, сауықтама, ермектеме, дарынды сөз, зейіндеме, шартты оралым,*

түйдектеу, шендестіру, қайталақтау, еспелеу, лептеу, әсерлеу, мезгеу, көріктеу, кейінтеу, бернелеу, жасау, жасастыру, меңзеу, дәлдік, шығарма, сүгіреттеу (суреттеу) т.б. Бұл аталғандардың біразы әлі сол кезінде қолданыста болса, кейбірі заман талабына сай ғылыми зерттеулердің нәтижелерімен басқаша терминдік атауға ие болған. Осы әдіспен қазіргі кезде *орам, жемқорлық, үдеріс, өтінім, салғырттық, мүмкіндік, мүмқұрайдылық, әлімжеттік, көпе-көрнеу, ақаулық, олқылық, бағалаушылық, абстрактылық, егемендік, тарихшылық, біліктілік, лаңкестік, қаржыландыру, тұнба, бұзақылық, мәмілегер* т.б. терминдер жасалынып, көпшілік қолданысына енгізілген.

Термин шығармашылығының алғашқы сатысында қажетті жаңа ұғымға байланысты термин жасалады. Мысалы, көптен бері саясаттану ғылымында қолданылып жүрген *терроризм, террорист* терминдерінің орнына соңғы кезеңдерде барлық бұқаралық ақпарат құралдары *лаңкес, лаңкестік* терминдері қолданылып, жаңа термин жасалды.

Екінші сатыда термин айналымға түседі. Бірақ оның қолданысқа түсуі де қабылданып-қабылданбауы да қазіргі таңда күрделі мәселелерге толы болып отыр. Себебі, кейбір жасалған терминдер алғашқы сатыда әр түрлі пікірлерге ұшырайды. Бір топ оларды қабылдап жатса, екінші топ оларды қабылдауға қарсы пікір білдіріп, қате термин ретінде бағалап жатады. Мысалы, әлеуметтану саласында, соңғы кезде *отбасы және жанұя* терминдерінің қатар қолданылғаны белгілі. Немесе, *қоныс аудару – миграция, мұнай кеніші – мұнай кен орны, аномалия – қалыпсыздық* сияқты терминдерді де мысал ретінде келтіруге болады. Жарыспалы қолданыс – екінші сатыға тән ерекшелік.

Терминжасамның үшінші сатысы – терминдердің бір нұсқасының қалыптасуы. Мейлі терминнің өзге тілдегі нұсқасы болсын тілде қолданыста сұрыпталып, қалыптасады.

Түйіндей келгенде, қазақ терминжасам жүйесі мен терминжасам көздері, термин шығармашылығының жүру үрдісі өзіндік тарихи даму сатылары бар, қалыптасқан жүйелердің қатарына жатады. Сондықтан мүмкіндігінше, олардың даму сатыларын, негізгі көздері мен термин шығармашылығының шығармашылық лабораториясын жинақтап, негізгі белгілерін айқындап, топтап көрсетуге ұмтылдык. Көз жеткізгеніміз – терминжасам жүйесі біраз уақыт тоқырауларына қарамастан, өзіндік тәжірибесі бар жүйе. Термин жасаудың шығармашылық лабораториясы да термин жасауда мән беруді қажет ететін күрделі механизм. Ұлттық терминологияны қалыптастырудағы олардың бастысы – ішкі терминжасам көздері екендігі белгілі болып отыр. Сондықтан ішкі терминжасам көздері мен оған әсер етуші факторлар да жан-жақты айқындауды, іс жүзінде ескеруді қажет ететін мәселелердің қатарына жатады.

Тілдік жүйедегі сияқты терминологиялық жүйеде де олардың жасалып, қалыптасуына әсер ететін бірден-бір құрал жұрнақтар болып есептеледі. Терминжасам жүйесіндегі осындай жұрнақтардың да термин жасауға жиі қатысатындарын бөліп көрсетуге болады. Мұндай терминжасам көздерінің қатары *терминжасаушы өнімді жұрнақтар* ретінде бағаланып жүр. Біз жұмыста мысалдар негізінде және осыған дейінгі жазылған жұмыстардағы пікірлердің негізінде оларды мағыналық құрылымына қарай **заттық** мәнді және **етістік** мәнді деп бөлуді жөн көрдік. Негізінен терминдердің мағынасы осыған дейінгі ғылыми еңбектерде айқындалғанындай заттық мәнде болып келетіні белгілі. Расында да, деректі немесе дерексіз сәнде болсын терминдер заттық ұғымды білдіріп, термин ретінде қолданыс табады. Заттық мәнді болуының өзі терминдерге тән қасиет десе де болады. Соған қарамастан термин жасауға қатысты болған сөздің түпкі төркінінің мағынасына қарай оларды заттық мәнді және етістік мәнді терминдер деп бөліп қарастырдық. Өйткені бұл да терминдердің жасалуына қатысты байқалған ерекшелік. Мән беріп қарасақ, кез-келген терминнің заттық мәнде, етістік түбірден жасалған терминнің етістік мәнде жұмсалатын ерекшелігі де бар. Сол ерекшелікке қарай терминдер жасайтын жұрнақтарды заттық мәнді термин жасайтын жұрнақтар және етістік мәнді термин жұрнақтар деп бөлуіміз негізсіз емес. Осыған байланысты ғалым Т.С. Сайрамбаевтың мақаласындағы мына пікірге сүйенуге болады: «Біздіңше, терминдердің сөйлемде қолдану ерекшеліктері бар. Оның өзін біз екі түрлі жағдайда қарастырамыз: біріншіден, терминдердің ішкі құрылымдық ерекшеліктері тұрғысынан, екіншіден, терминдердің сөйлем ішіндегі ерекшеліктері жағынан» [3].

Бұл тұрғыдан сын есім, сан есім және т.б. сөз таптарының да термин қалыптастырудағы қызметі жоқ деп айта алмаймыз. Ол сөз таптарының да белгілі дәрежеде терминдерді жасап, қалыптастыруда өзіндік орны бар. Сонымен заттық мәнді және етістік мәнді терминдерді жасайтын жұрнақтар қатары, олардың терминжасам жүйесіндегі орны жан-жақты талдап көрсетуді қажет етеді.

Термин жасаушы жұрнақтардың қатары әр сала терминдерін зерттеу барысында сол салалардың терминдері арқылы қарастырылып та жүр. Термин тудырушы жұрнақтар атап айтқанда, кезінде А.Байтұрсынұлының, Қ.Жұбановтың, С.Аманжоловтың, А. Абдрахмановтың, Т.Г. Аппакованың, Ө. Айтбаевтың еңбектері мен мақалаларында негізге алынып, қарастырылған болатын. Ал, Т.Г. Аппақова өз

мақаласында негізінен тек сын есім, зат есім мағынасындағы терминдерді жасаушы жұрнақтарға тоқталған [4, 288 б.]. Мұндай еңбектердің қатарына өсімдік мүшелеріне байланысты және қазақ лексикасының терминдеу мәселесіне байланысты қорғалған Ш. Құрманбайұлының, философия терминдерін қарастырған С. Әлісжановтың, қазақ тіл білімі терминдерін нысан етіп алған Ж. Молдажаровтың, психология терминдерінен С. Исақованың, заң терминдерін зерттеген А. Исанова [5; 6; 7] және т.б. соңғы кезеңдерде қарастырылып жатқан заң, мұнай, психология салаларының ғылыми ұғымдарын қамтыған еңбектерін атап өтуге болады. Бұдан өзге К.Г. Аяпбергенова медицина терминдерін, С.С. Жансейтова музыка терминдерін, Б. Ақшалова макроэкономикалық терминдерді, Г.Е. Омарова оқулықтардағы синтаксис терминдерін, С. Әбдірәсілов лингвистикалық терминдердің, Е.Г. Дәулетов құрылыс терминдерін, Ә.С. Нұржанова мұнай терминдерін, С.Е. Сәрсенова физика және астрономия терминдерін, А.Т. Қоңырова филология терминдерін зерттеп, ғылыми еңбектер жазды. Бұдан өзге діни терминдер туралы Ә.Ә. Әбдірахманова мен А.Б. Жиекбаева сынды ғалымдар еңбектерін де атап өтуге болады. Баспасөздің термин ісіндегі рөлі туралы Ә.Ж. Әміровтың диссертациясы да өзіндік ой-пікірлерге толы. Қ. Айсұлтанованың терминжасамның ішкі көздері туралы ғылыми еңбегімен Г. Жұмашеваның «Жаңа мектеп» журналындағы терминдерге тоқталған өзекті мәселелерін қамтыған.

Заттық мәнді терминдердің барлығына дерлік заттық ұғым тән деп айтуға негіз бар. Терминдердің мағынасы заттық мәнде келетіндігіне сонымен қатар тілімізде кездесетін терминдердің нақты мысалы да дәлел бола алады. Өйткені қалай іздесеңіз де басқа сөз таптарының мағынасынан болған терминдерді тіптен кездестіре алмайсыз деуге болады. Нәтижесінде ғылым салаларындағы ұғымдардың өзі ұғымның атауын беру атау мәніндегі сөздердің мағынасында қолданылатындығын аңғарамыз.

Бұл тек қазақ тілінде ғана емес, барлық тілдерде де солай. Сонымен, заттық мәнді термин жасайтын жұрнақтарға тоқталып өтейік. Мысалы, *-ыш, -іш, -ш, -кіш, -гіш, -қыш, -ғыш, бастауыш, тістеуіш, тістелгіш, жарылғыш, тыңдағыш зат, анықтағыш, ажыратқыш, ерігіш, еріткіш, дірілдеткіш, көрсеткіш, қабындырғыш, қоздырғыш, қойылытқыш, қосқыш, өнертапқыш, реттегіш*, т.б.

Бұл терминжасам көзінің бұрыннан келе жатқан, Ахмет Байтұрсыновтың жиі қолданғандығын айту керек. Қазіргі қазақ тіл білімінде кеңінен қолданылып жүрген *бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, пысықтауыш, анықтауыш* сияқты бес сөйлем мүшесінің атауы болатын терминдердің бірізді жүйемен жасалуы да сол тәсілдің жемісі.

*-Шы, -ші салымшы, алымшы, бақылаушы, сарашы, тіркеуші, түптеуші, үйлестіруші*, т.б. Өнімді жұрнақтар ретінде терминжасам жүйесінде ғана емес, тілдік сөзжасам жүйесінде де жиі қолданылатын ең өнімді тәсілдердің бірі болып табылады. Сондықтан бұл жұрнақтардың терминжасам көзі ретінде терминдер жасауға қатыспауы мүмкін емес. Аталып өткен терминдер соңғы кезеңдерде экономика саласының қажеттіліктеріне байланысты туындаған терминдер болып есептеледі. Бұл жұрнақтар өзге салаларда да заттық мәндегі терминдер болып есептеледі. Бұл жұрнақтар өзге салаларда да заттық мәндегі терминдер жасауға негіз бола алады. Мысалы, *теміржол, салықшы, күзетші, қорғаушы, жинаушы, хатшы, жолдаушы, демеуші, төреші, тіркеуші, жалдамашы, жетекші, қолдаушы, шежіреші, шолушы, байқаушы* т.б. толып жатқан мамандық, кәсіп атауларын білдіру мақсатында бұл заттық мәнде термин жасайтын жұрнақтар өте жиі қолданылады.

*-Іс, -іс, -с тербеліс, айналыс, құйылыс, жиылыс, серпіліс, сілкініс, үйкеліс, аттаныс, тартылыс, ұсыныс*, т.б. Бұл терминдердің көпшілігі физика терминдері ретінде көпшілікке таныс. Осы сияқты кейбір жаратылыстану ғылымдарының терминдеріне көз салсақ, кезінде олардың қазақ терминжасам жүйесін орнықтыруға септігі болғандығын, аз да болса қазақ тілінде аталған сала сияқты салаларда терминдердің қалыптасып, қолданылғандығын байқауға болады.

*-Ман, -мен оқырман, ораман, көрермен, тыңдарман*, т.б. Бұл терминдер қатары да соңғы кезде қалыптаса бастаған терминдерге жатады. Сондықтан бұл терминдердің жасалуына негіз болған жұрнақты соңғы уақытта терминжасам көзіне айналып жүрген терминдерге жатқыза аламыз.

*-Ғы, -гі* жұрнақтары да сирек те болса термин сөздер жасауға болады. Мысалы, қондырғы сияқты сөздердің қолданысы соның дәлелі болып келеді. Бір жағынан, мағыналық құрылымына мән берсек, бұл сөздер жоғарыда атап өткен *-ғыш, -гіш, -қыш, -кіш* сияқты жұрнақтармен мағыналас болып келеді. Алайда, *-ғы, -гі* жұрнақтарына қарағанда, *-ғыш, -гіш, -қыш, -кіш* жұрнақтары өнімдірек болып келеді. Сондықтан бұл жұрнақтар арқылы жасалған термин сөздерге көптеп мысалдар келтіріп өтуге болады: *өнертапқыш, айықтырғыш, сылағыш, қондырғыш, түсіргіш, турағыш, тырмалағыш, тазартқыш, сүзгіш*, т.б. термин сөздер осының дәлелі. Тілімізде сондай-ақ, *-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -не* жұрнақтары арқылы да жасалған терминдерді кездестіре аламыз. Мысалы, *қондырма, түсініктеме, жазба, сызба, көрме* т.б. соңғы кезеңдерде қолданыла бастаған терминдердің терминжасам жүйесінен осыны байқау

саушы жұрнақтарға анысты және қазақ тілінің, философия пәнін анық етіп алған теген А. Исанова [5; 6] пәндерінің ғылыми еңбектері медицина салық терминдерді, ғылымдық терминдердің, негізін физика және математика еңбектері жазды. Ғылымдар еңбектерін докторлық диссертациясы да ғылыми еңбегімен анықтарын қамтыған.

бар. Терминдердің нақты мысалы да болған терминдердің өзіндік ұғымның

і термин жасайтын тауыш, тікелейлік, жіктік, дірілдеткіш, т.б.

данғандығын айту үшін, толықтауыш, тіл бірізді жүйемен

іруші, т.б. Өнімділік қолданылатын жасам көзі ретінде әдетте экономикалық жұрнақтар өзге салаларда да заттық

жеткіші, қорғаушы, жіктікші, қолдаушы, мақсатында бұл

аныс, тартылыс, аныс. Осы сияқты қазақ терминжасам сияқты салаларда

и да соңғы кезде на негіз болған аныс.

ондырғы сияқты а мән берсек, бұл аныс болып келеді.

ек болып келеді. іп өтуге болады: аныс, тазартқыш,

-не жұрнақтары е, жазба, сызба, н осыны байқау

қиын емес. Соңғы аталған жұрнақ – қосымшалардың мағынасына, терминжасам жүйесіне негіз болып тұрған бастапқы сөз тұлғасына көз жүгіртсек, олардың кейбірі етістік мәнді терминдер арқылы затты мәнде қолданылатын терминдер жасауға бейім екендігін аңғарамыз. Сонымен бірге әр жұрнақтың қазақ сөз табынан көбірек термин жасайтындығын да талдау негізіне алдық. Осы терминдердің тұлғасына мәңгі бері отырып, етістік мәнді терминдерді тудырушы негізгі жұрнақтарды анықтап алуға мүмкіндік береді. Біздіңше, көрсетілген тұлғалардың барлығы да -у қимыл атауына, яғни тұйық етістікке аяқталып, әреке атауы болып тұр. Сондықтан етістік мәнді термин тудырушы жұрнақтардың өнімді түрі -у жұрнағы болып табылады. Бұл жұрнақтың термин тудырудағы күдіктену, тотығу, реакцияға түсу, ыдырау, тербелу, қорыту, эксплуатациялау сияқты т.б. терминдерді келтіруге болады. Етістік мәнді терминдерге байланысты байқалатын тағы бір ерекшелік – олар тек қимылдық, іс-әрекеттік мәнді білдіріп қана қоймайды. Демек, терминге басым жағдайда атау мәнінің жақын екендігін атап өту қажет. Бұл термин тұлғасына тән өзіндік ерекшелік деп қабылданған орынды. Ал бұл жөнінде кезінде орыс терминология ғалымдарының бірі В.П. Даниленко да өз еңбегінде айтып өткен болатын. Ғалым өз пікірінде тілдегі етістіктер мен терминологиядағы процесстік ұғымның атауы болатын терминдер нәтижесінде өзара синоним болатындығын атап көрсетеді [8, 49 б.].

Аталған -у жұрнағы арқылы жасалған тіркесті терминдерге тән тағы бір жай – олардың күрделі терминдердің құрамында сындық мағынада да жұмсала алатындығында. Келтірілген мысалдардың ішіндегі соңғы тебу күші терминінің етістік мәніндегі тебу сыңары бұл нұсқада сындық мағынаны білдіріп тұрғанын түсіну қиын емес. Қазақ тіліндегі етістік мәнді термин тудырушы келесі өнімді жұрнақтар -лану, -лену, -дану, -дену, -тану, -тену. Бұл жұрнақтар жоғарыда негіз болған -у жұрнағымен қатар осы көрсетілген жұрнақтарды да атап көрсету қажет. Бұл жұрнақтар біздіңше күрделі формалардың қатарына жатады. Себебі, аталған жұрнақтардың өзі -лан, -лен, -дан, -ден, -тан, -тен тұлғалары мен -у жұрнағының қосылуы арқылы жасалып тұр. Біздің ойымызша, -у жұрнағымен салыстырғанда нақты прогрестік, әрекеттік терминдік ұғымды осы екі жұрнақтың біріккен тұлғалары беретін сияқты. Мысалы, лексикалану, семантикалану, терминдену, адвербиалдану, заттану, адъективтену, т.б. Аталған терминдердің бір кездері лексикализация, семантизация, терминологизация, адвербиализация, субстантивациялану, адъективациялану түрінде қолданылғандығын, сонымен біз атап отырған тұлғада қалыптасқандығын айта кету керек.

Қазақ тіліндегі етістік мәнді терминдер сондай-ақ, -ым, -ім, -ыс, -іс, -с жұрнақтарының көмегімен атау мәнді терминдерге де айналатындығын терминжасам көмегімен атау жүйемізіндегі өзіндік ерекшелік ретінде атап өткен жөн. Мысалы: қойылым, айтылым, тербеліс, көрініс, т.б. Бұл сияқты терминдердің қатары, әсіресе, соңғы кезеңдерде көптеп жасалып жүргендігін айтып өту керек.

#### Пайдаланған әдебиеттер:

1. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминдену үрдісі: филол. ғыл. докт. ... дис. – Алматы, 1998. – 250 б.
2. Салқынбай А. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 2008. – 404 б.
3. Сайрамбаев Т.С. А. Байтұрсынның қазақ тілі саласындағы еңбектері туралы // Қазақстан мұғалімі. – 1989, наурыз – 3.
4. Күркебаев Ш. Қазақ тіліндегі өсімдік атауларының құрылымы: филол. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 1994. – 29 б.
5. Әліжанов С. Ғылыми прозаның синтаксисі. – Алматы, 2007. – 304 б.
6. Қожағұлова К. Қазақ тіліндегі әскери лексиканың мағыналық құрылымы: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Астана: Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2006. – 26 б.
7. Терминология мәселелері / құраст. Ш. Құрманбайұлы, О. Жұбаева. – Астана, 2006. – 288 б.
8. Даниленко В.П. Русская терминология. Опыт лингвистического анализа. – М., 1977. – 266 с.

\*\*\*

В данной статье рассматриваются проблемы отраслевой терминологии в казахском языке. Также рассматриваются проблемы системы и системности казахской терминологии.

\*\*\*

The problems of the branch terminology in the Kazakh language are described in the present article.

**МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ҚОЛДАНЫСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘРТЕБЕСІ**

|  |     |
|--|-----|
| Абдрахманова Ж. Фразеологизмдердің окказионалды өзектілену типтері .....   | 278 |
| Алдашова Н.С. Ерлер мен әйелдердің сөз қолданысындағы ерекшеліктер .....   | 281 |
| Есімова Ж. Қазаға байланысты қолданылатын өлеңдердің психолингвистикалық сипаты.....                                       | 284 |
| Жұбаева О. Тіл – ұлттың болмысын, дүниетанымын айқындайтын құндылық.....   | 288 |
| Жақсыбаева Э.О., Бураханова Қ.С. Шәкәрім лирикасындағы тілдік-бейнелілік аспектілер.....                                   | 293 |
| Иманқұлова С.М. Сөздерді сөз таптарына жіктеу ұстанымы .....   | 297 |
| Иманалиева Ғ.Қ. Үстеулердің эмоционалды қызметі.....   | 299 |
| Қадырқұлов Қ.Ш. Буын және оның түрлері: қағида мен әдістеме үйлесімділігі .....  | 302 |
| Қарабаева Қ. Сөз төркіні – сөздікте .....  | 305 |
| Мекебаева Л.А. Қазақ әңгімесі мен қаламгер шеберлігі .....   | 307 |
| Мырзабеков А. Тіл мен этнос: түр-түс атауларының тілдегі көрінісі.....   | 310 |
| Өмірбекова Р.Қ., Нұртазина А.Ө. Қазақ тілі синтаксисіндегі есімше және оның басыңқы<br>сыңарда жұмсалы ерекшеліктері ..... | 313 |
| Рскелдиева Д.Б. Соматикалық фразеологизмдердегі универсалия құбылысы(қазақ және<br>ағылшын тілдері негізінде).....         | 317 |
| Рысбай Б. Грамматика саласындағы тілдік үдеріс жайында .....   | 319 |
| Нұрахметов С.М., Рамазанова Ш.Ә. Мемлекеттік тілді оқытудың балама бағдарламаларын<br>жасау жолдары.....                   | 322 |
| Сейдімханова Т.С. Сейфуллин шығармаларында қолданылатын тілдік құралдар мен<br>кейбір стильдік амал-тәсілдер .....         | 324 |
| Тансықбаева Б. А, Түсінқалиева Р. Қ. Үстеу жұрнақтарының омонимдік қасиеті.....  | 328 |
| Тұрсынова Г.Т. Қазақ тіл біліміндегі сабақтас сөйлемдерді таптастыру мәселелері.....                                       | 332 |
| Шыныбекова А.К. Термин жасаудағы қосымшалардың пәрменділігі .....  | 336 |
| Шота Қ.Н. «Жанбырмен жер көгерер ...» .....  | 340 |
| Сыздықова Г.О. Тіркесімділік және валенттілік мәселелерінің қазақ тіл біліміндегі зерттелуі.....                           | 343 |

**ТІЛАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС: ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ**

|  |     |
|--|-----|
| Бокулева Б. Хинди тіліндегі ангицизмдердің мәдени-әлеуметтік факторлары .....                | 348 |
| Искакова З.Е., Кокеева Д. М. Хинди тіліндегі етістіктен болған синонимдердің жүйеленуі ..... | 352 |

**СТУДЕНТТЕРДІҢ ТІЛДІК ДАЙЫНДЫҒЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАР**

|  |     |
|--|-----|
| Аширова. А.Т. Қазақ тіліндегі әдістемелік еңбектерге шолу.....   | 356 |
| Әмірова. М. Мемлекеттік тілді оқытудың инновациясы .....   | 358 |
| Жаңабекова М.А. Ағылшын тілі сабағында өзіндік жұмысты ұйымдастыру арқылы білім<br>сапасын жетілдіру.....                | 360 |
| Жұмағұлова А.Ж. ЖОО-да қазақ тілін оқыту .....   | 364 |
| Изгутгинова Р.Т., Қырықбаева Б.А. Мемлекеттік тілді жаңа технологиялар арқылы оқыту .....                                | 366 |
| Нүржігітова Г. Орыс тілді дәрісханаларда қазақ тілін оқыту арқылы студенттердің кәсіби<br>бағыттылығын қалыптастыру..... | 368 |
| Рзалиева А.А. О технологиях обратной связи на игровых занятиях по русскому языку<br>в неязыковых вузах.....              | 370 |
| Шайкенова Г.М. Аудармадағы транскрипция: жалқы есімдерді дұрыс аудару тәсілдері.....                                     | 372 |